



ХҒТАР 14.25.09

Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-11-25>

PISA халықаралық зерттеу аясында білім алушылардың оқу сауаттылығын жақсарту әдістемесі

А.Ж. Искакова*^{ID}, С.А. Султанбекова^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: aiko-1986-kz@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада PISA халықаралық зерттеудің негізгі бағыттарының бірі оқу сауаттылығы қарастырылған. Оқу сауаттылығы өлшемдері, оны бағалаудағы аспектілер (материалдың форматы, тапсырмалар түрі, мәтінді қолдану мақсаты), оқу сауаттылығы бойынша тапсырма ерекшеліктері, оқу түрлері және оның ережелері туралы жан-жақты түсіндіріледі. Оқу сауаттылығының құрамдас бөліктері – жағдаят, мәтін, аспект турасында сөз қозғалады. Жағдаяттың санаттары (жеке пайдаланым үшін оқу, көпшілік пайдаланым үшін оқу, білу үшін оқу және оқыту үшін оқу), мәтін нысандары мен түрлері, аспект салалары (Мәліметті табу. Кеңінен ұғыну. Интерпретациялауды дамыту. Мәтін мазмұнын көрсету, бағалау. Мәтін формасын көрсету) бағытында мағұлмат беріледі. Автор мәтінді түсіндіру үшін қолданылатын «интерпретация» және «герменевтика» ұғымдарына тоқталады. Оқу және оқыту процесінде сұрақтарды дұрыс қоюдың, оның мазмұнын түсініп, талапқа сай жауап берудің маңызы зор. Мақаладан осы мәселелердің жіктелуі туралы ақпарат табуға болады.

Оқырмандардың оқуға деген қызығушылығын ынталандыруда ресурстар мен мәтінді таңдаудың, тапсырманы түрлендірудің өзіндік мәні бар екендігі дәлелденеді.

Сонымен қатар мақалада білім алушыларға оқылымды үйрету әдістемесінің ерекшеліктері, оқу сауаттылығын арттырудағы тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылған. Ғалымдар зерттеулерінен мысалдар келтіріліп, практикалық шешімдері басшылыққа алынған. Автор оқылымның әдіс-тәсілдерін ұсынып, дұрыс жүргізу техникасын баяндайды. Отандық, ресейлік және шетелдік зерттеушілер қисындарының негізгі идеясы талқыланады.

Түйін сөздер: PISA зерттеуі, оқу сауаттылығы, интерпретация, герменевтика, оқылым, мәтін, жағдаят, аспект, стратегия.

Кіріспе

Қазіргі кезде білім беру үдерісіне елеулі өзгерістер енгізіліп, білім берудің мазмұны жаңартылуда. Жаһандану кезеңінде оқу әрекетіне белсенді қатысатын, шығармашыл, өз бетінше шешім қабылдай алатын, алған білімін өмірде тиімді қолдануға бейім сауатты тұлға қалыптастырып қана қоймай, сол үшін қолайлы жағдай туғызу басты назарда. Бұл туралы «Қазақстан Республикасы білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы» Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту міндетінде көрсетілген [1,12]. Аталған стратегиялық тұжырымдар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығында "Шетел тілі" оқу пәнінің мазмұны көптілді, көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға; түрлі стильде жазылған тең түпнұсқалы мәтіндердің мазмұны арқылы сөздік қорын молайтуға, коммуникативтік біліктілігін жетілдіруге, шеттілді коммуникативтік біліктілікті дамыту процесінде дүниетаным мен әлемді қабылдауды әлеуметтік-мәдени жағынан байытуды жүзеге асыруға; зерттеу жұмыстары мен түрлі оқу міндеттерін шығармашылық жағдайында шешуге мүмкіндік беруге бағытталуы тиіс" деп маңыздылығын айқындай түседі. [2,31]

Білім, ғылым, технология ғасырында жаһандану қарқындап, адам ресурстары басты капиталға айналған кезеңде құндылықтарға да аса назар аударылуда. Себебі, бұл ұрпақ рухани бай болғанда ғана жүзеге асады. Жас буынның кітап оқуға деген қызығушылығының төмендеуі, оны интернет, ұялы телефондардың алмастыруы басты кедергі деуге болады. Мысалы, 2012 жылы PISA халықаралық зерттеуі он бес жастағы балалардан интернетте қанша уақыт өткізетінін сұрады. 2018 жылы PISA дәл осындай сұрақты қайтадан қойды. Деректер бұл жастағылардың интернетті пайдалану көрсеткіші 66%-ға өскенін анықтады. Бұл тұста білім алушылардың оқылым дағдыларын жақсарту жолдарын қарастырып, оны оқыту процесінде тиімді пайдаланудың мәні зор.


Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау бағытында PISA халықаралық зерттеуі оқушылардың оқу процесінде алған білім, білік, дағдыларын практикада пайдалана алу ептіліктерін, академиялық пәнге қатысы жоқ мәселелер, жағдаяттарды шеше білу құзыреттіліктерін бағалауға арналған. Бұл бағдарлама Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) жүргізіледі. 2000 жылдан бастап үш жылда бір жүзеге асырылады. Қатысушы ел білім алушыларының білім жетістіктеріндегі өзгерісті анықтауға, енгізілген реформалардың нәтижесін бақылауға жол ашады. PISA халықаралық зерттеуі ұлттық орталықтар мен ЭЫДҰ қатысуымен жетекші халықаралық ғылыми ұйымдардан тұратын консорциум арқылы іске асады. [3,7]

PISA халықаралық зерттеуі білім беру ұйымдарындағы он бес жастағы оқушылардың оқу, математика, жаратылыстану бағыттары бойынша оқу жетістіктерін айқындайды. Зерттеуде білім алушылардың қабілеттері емес, үйренген білімі мен дағдыларын өмірде іске асыра алу машықтары басты назарда. Жасөспірімдердің он бес жаста негізгі мектепті бітіріп, ересектік өмірге қадам басатынын ескерсек, зерттеудің де басты мақсаты - осы білім алушылардың өз бетінше өмірге бейімделу, қиын жағдайдан шыға білу, шешім қабылдай алу дағдыларын анықтау [4,14].

PISA зерттеуі негізгі үш бағытта – математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы және жаратылыстану сауаттылығы бойынша өткізіледі. Осылардың ішіндегі ең маңыздысы оқу сауаттылығы деп есептеймін, себебі оқудың тиімді жолын меңгеріп, оқығаны бойынша талдау жасай алған адам ойын еркін айта да алады, сауатты жаза да алады.

PISA өлшемдеріне сәйкес тапсырмаларды ЭЫДҰ мамандары мен мердігерлер құрастырады, жобаға қатысушы әр мемлекет өздері де ұсына алады. Оқылымды үйрету бағытындағы тұжырымдамалар отандық және шетелдік лингвист, ғалымдар В.А.Сухомлинский, С.К.Фоломкина, Е.А.Никифорова, А.Н.Евсикова, Н.Д.Галскова, Ф.Смит, И.Л.Бим, Л.А.Чернявская, Г.В.Пранцова, С.Романичева, Винсент Р.Руггиеро, А.А.Алхазишвили, Н.И.Гез, П.Б.Гурвич, Г.А.Китайгородская, М.В.Ляховицкий, Р.П.Мильруд, А.А.Миролубов, Е.И.Пассов, И.В.Рахманов, В.С.Цетлин, Е.В.Барбакова, М.Л.Вайсбурд, Т.М.Жималенкова, В.И.Карпов, З.И.Клычникова, К.И.Крупник, Н.Г.Мокреева, Н.А.Разумеева, А.Н.Соколов, А.Л.Тихонова, Н.И.Шевченко, Ф.Оразбаева, М.Ахметовалар зерттеулерінде қарастырылған.

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектерде оқылымды меңгертудің теориялық аспектілері анықталғанымен, функционалдық сауаттылықты дамытатын оқылымды үйрету бағыты қарастырылмауы біз зерттеп отырған мәселенің ғылыми әдістемелік тұрғыдан әлі де болса жеткілікті дәрежеде шешімін таппай отырғанын дәлелдейді. Сондай-ақ, PISA зерттеуінде еліміз оқу сауаттылығы бойынша 2009 жылы 390 ұпаймен 54-орын, 2012 жылы 393 ұпаймен 59-орын, 2015 жылы 427 ұпаймен 54-орынға, 2018 жылы 387 ұпаймен 69-орында болған [5,1] 1-сурет. Оқушылардың көбі күрделі танымдық процесті қолдануды талап ететін оқу тапсырмаларын орындай алмайды. Қате жауап берген білім алушылар көбінесе (41%) жауап ретінде мәтіннен басқа бір элементті пайдаланып, басым бөлігі (38%) сұраққа қатысты емес жауапты ұсынған. Бұл төмен көрсеткіш әлі де болса оқыту әдістемесіндегі олқылықтарды, білім алушылардың қажетті дағдыларды игермегендігін, ақпаратты талдау, жинақтау, бағалауда қиналатындарын көрсетеді. PISA өлшемдерінің негізгі принциптерін ескере отырып, оқушылардың рейтингісінің төмен болуы, оқу сауаттылығында мәтінді талдау және бағалау дағдыларының қалыптаспауы зерттеу жұмысының маңыздылығын көрсетеді.



Сурет 1. Оқу сауаттылығы бойынша Қазақстанның нәтижесі

Зерттеу әдістері

Қазақтың филолог ғалымы Ф.Оразбаева өз еңбегінде: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» деген анықтама береді [6,102]. Оқылым рецептивті дағды болып есептеледі. Бұл мәтінді жазудан, айтудан гөрі оған жауап беруге тырысады. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Осы ретте мәтін сөз деңгейінде, сөйлем деңгейінде және мәтін деңгейінде түсініледі.

Отандық ғалымдар тілді үйрену барысындағы оқылымның аналитикалық оқу, синтетикалық оқу, дайындықпен оқу, дайындықсыз оқу, аударма арқылы оқу, аудармасыз оқу, негізгі оқу, қосымша оқу, т.б. түрлерін анықтайды.

Қазіргі таңда тілдік сабақтар халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларына бағыттала оқытылады. Барлық дағдыларда мәтін ұғымы қолданылады. «Мәтін - аяқталған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етудің ерекше бірлігі. Ол - хабарды сақтаушы және жеткізуші болып саналады» [7,97].

Мақалада оқылымды мәтін арқылы жүргізу барысында «Білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын қалай арттыруға болады?», «Мәтінді қандай белгілеріне қарап таңдаған жөн?», «Мәтінді терең түсінуде қандай әдістемелер тиімдірек?» деген секілді сауалдарға жауап іздеу үшін сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылмақ.

Талқылау


PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы білім алушылардың жазбаша мәтіндерді түсініп оқу дағдылары, оларды рефлексиялау, мәтіндер мазмұнын алдарына қойған мақсаттарына жету үшін пайдалану, білім мен біліктерін қоғамдық өмірмен байланысу үшін қалыптастыру деп түсініледі. Білім алушылардың оқу сауаттылығын тексергенде, мәтін мазмұнын түсінген, түсінбегендігін бағалауға емес, меңгергендерін өмірде іске асыра алатындығына мән беріледі.

Бағалауда үш аспект ескеріледі: материалдың форматы, тапсырмалар түрі, мәтінді қолдану мақсаты.

Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларда мәтіннен ақпаратты табу, мәтінді түсіндіру, оның мазмұнына байланысты рефлексия жасау деңгейі бағаланады. Білім алушылардың мәтіннен мәліметті іздеу қабілетін бағалау бағытында мәтінді оқып, басты элементтерін айқындап, сұрақтар түрінде емес, синонимдік форманы бейнелейтін мәліметті табуға назар аударылады. Мәтінді түсіндіру деңгейін бағалау барысында мәтіндегі әр түрлі ақпараттарды салыстыру, автордың идеясын қорытындылау, мәтіннің мағынасын түсіну ұсынылады. Оқушылардың рефлексиясын бағалауда мәтіннен түйген ойларын басқа жерден алған білімдерімен байланыстырып, өз пікірлерін, шешімдерін қосып дәлелдеулері қолданылады [8,17].

Оқу сауаттылығын бағалау мәтін, жағдаят және сұрақ секілді үш негізгі сипаттамалардан тұрады. Оқу материалдарына мәтін, көркем мәтіндер, оқиғалар, мақала, сызбалар, кестелер, ресми құжаттар, кескін, карталар түріндегі ресурстар пайдаланылады. PISA зерттеуінде қолданылатын мәтіндер шынайы өмірден алынатындығымен ерекше-

ленеді. Мәтіндер тұтас мәтін, тұтас емес немесе дискретті мәтін (диаграмма, кесте, хат, хабарлама, жарнама, фотосурет, баннердегі жазбалар, т.б.), аралас мәтіндер (автобиография, мақала, ғылыми еңбектер, баяндамалар, т.б.) және құрамдас мәтіндер түрінде қарастырылады. PISA халықаралық зерттеуіндегі оқу сауаттылығында берілетін тест тапсырмаларындағы мәтіндер 2-суреттегідей құрастырылады.



Сурет 2. Тапсырмалардағы мәтіндер форматы

Мәтінмен жұмыс жасағанда интерпретация мен герменевтика ұғымы қатар жүреді. Мәтінді пайдаланғанда тілдің құрылымы, лексика, грамматикасы, стилі ескеріліп, дәл, анық және түпнұсқаның коммуникативтігін сақтай отырып жеткізу сұралады. Интерпретация осы мәселелердің шешімі болып табылады. Сөздікте бұл сөз «түсінік беру», «түсіндіру» деген мағына білдіреді. Мәтінді интерпретациялау арқылы оның мазмұнын аша аламыз. Қорытындысында қандай да бір мәтінді оқу, кез келген сөзді қабылдау интерпретация болып келеді. Оның негізгі міндеті мәтіннен мүмкіндігінше кең мәлімет алып, автордың жеткізгісі келген ойын неғұрлым түсінікті етуге бағытталған.

Герменевтика сөзі «ұғындыру», «баяндау» деген мағынаны береді. Герменевтика шеңбері концепциясы интерпретациялаумен тығыз байланысты. Ол тікелей ұғыну тиімсіз болғанда ғана қолданылмай, түсіну мен коммуникацияны да қамтиды.

Оқу сауаттылығының мынадай құрамдас бөліктері бар: жағдаят, мәтін, аспект. Жағдаят тапсырмаларда өмірлік оқиғалар ретінде кездеседі. Оның жеке пайдаланым үшін оқу, көпшілік пайдаланым үшін оқу, білу үшін оқу және оқыту үшін оқу деген санаттары болады. PISA зерттеуі тапсырмаларында жеке жағдаяттардың 30%-ы, қоғамдық жағдаяттардың 30%-ы, білім беру жағдаяттарының 25%-ы, кәсіби жағдаяттардың 15%-ы келеді. Жалпы жағдаяттардың төрт сипаты болады: Жеке категория - жеке адамдар жөнінде өмірбаяндық, зерттеу, хаттардан тұратын тұлғаның зияткерлік қызығушылығын қанағаттандыруға бағытталған мәтіндер. Қоғамдық сипат қоғамдық өмірдің мәселелері мен қызметке байланысты мәтіндерге тән. Мысалы, құжаттар,

қоғамдық хабарлар, іс-шаралар туралы ақпараттар, т.б. Оқыту категориясына мәліметті жинақтау, білу, түсіну үшін арнайы оқытуға арналған, ережеге сәйкес оқулықтағы мәтіндер жатады. Кәсіби сипат мамандыққа, кәсіпке бағытталған мәтіндер, белгілі бір мекемеге қатысты ережелерден тұрады. [9,23]

Мәтін төрт нысанға бөлінеді. 1.Көркем әдебиет, өлең, мақала, репортаж, пьеса, заң, ғылыми негіздемелер, жұлдыз жорамал, техникалық мәтіндер, нұсқаулар тұтас мәтінді құрайды. 2.Кесте, диаграмма, жарнама, сөзжұмбақ, графика, сурет, сауалнама, хабарландыру, карта, ұсыныстар, құттықтаулар тұтас емес мәтінге жатады. 3.Тұтас және тұтас емес мәтін белгілері бар аралас мәтінге авторлық веб-парақтарды жатқызуға болады. 4.Бір тақырыпта берілген, бірақ әртүрлі авторлардың ойы жазылатын құрамдас мәтіндер болады.

Сондай-ақ, мәтіндер алты түрге бөлінеді: 1.Сипаттау мәтіні «не?» деген сауалға жауап іздейтін мәліметті нұсқайды. 2.Баяндау «қандай?», «қашан?» деген сұрақтарға жауап береді. Мысал ретінде әңгіме, роман, өмірбаян, пьеса, оқиға, комикс, газет есебін айтуға болады. 3.Түсіндіру мәтініне онлайн-энциклопедия жазбасы, жады үлгісін меңзейтін диаграмма жатады. 4.Дәлелдеу мәтінінің үлгісі ретінде даулы тақырыпты шешу, редакторға хатты алуға болады. 5.Нұсқау мәтіндері қолдану мазмұнын түсіндіреді. Оған реце секілді нұсқауларды жатқызамыз. 6.Келісім мәтіні мақсатқа байланысты мәтіндер, хаттар, электронды хаттар, хабарламалар түрінде сипатталады.


Оқу сауаттылығының соңғы компоненті – аспект. Оның бес саласы бар: 1. Мәліметті табу. Мәтіннен тірек сөздерді іздеу тапсырмасын беруге болады. 2. Кеңінен ұғыну. Оның мәнін мәтінге жоспар жазу, бөлімдерге бөлу, ат қою, тезис, аннотация жазу тапсырмалары ашады. 3.Интерпретациялауды дамыту. Білім алушылар қызығушылығын ынталандыратын әдіс-тәсілдер қолданылады. 4.Мәтін мазмұнын көрсету, бағалау. Мәтіннің қай типіне жататынын айқындау. Оқиғаға құрылған мәтіндерге композициялық талдау жасалады. 5.Мәтін формасын көрсету. Оның жанры, автордың идеясы, тақырыбы анықталып, әдебиет теориясына талдау жасалады.

Оқу және оқыту процесінде сұрақтарды дұрыс қоюдың, оның мазмұнын түсініп, талапқа сай жауап берудің маңызы зор. Білімгерлер өзінің жаттап алған немесе қысқа, негізсіз жауаптарын беруге дағдыланған. Білім алушылардың алдында сұрақтарға жауап беріп қана қоймай, оны әрі қарай қорытындылап, дәлелдеу арқылы негіздеу талабы тұр. Өз пайымдарын келтіре сөйлеуде сұрақтардың жіктелуі төмендегіше болып келеді: Анықтауыш сұрақтар өз тәжірибесінен келтірілген мысалдардың шынайы, жалғандығын ажыратумен байланысты. Толықтырушы сұрақтар тақырыпқа байланысты жаңа білімді айқындауға бағытталады. Өткір сұрақтар мәселені талқылағанда өмірлік маңызды, мақсатты мазмұнда жасалады.

Жоғарыда оқу сауаттылығы бағыты бойынша ақпарат талданды. Оның негізінде оқылым дағдысын меңгертуді дұрыс жүргізу жатыр. Осыған орай, орта білім беру ұйымында он бес жастағы білім алушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан 66 білім алушының 34%-ы «Мен өз бетімше оқығанда мәтінді түсінемін» десе, 68%-ы «Мәтінді сыныптастарыммен талқылағанда тереңірек меңгеремін» деп жауап берген. Демек белсенді оқу ортасын құра отырып оқыту тиімді нәтиже береді деп ұйғарылады. Оқушыларды ынталандырып, интербелсенді әдістерді, ойындарды қолдана отырып оқытқанда, әлдеқайда тиімді болатынын сауалнама нәтижесі дәлелдеді.

15 жастағы білім алушылармен жүргізілген сауалнама нәтижесі

№	Сұрақ	Әрқашан	Жиі	Кейде	Сирек	Ешқашан
1	Мен оқығанды ұнатамын	28	11	10	8	9
2	Оқу менің ағылшын тіліндегі білімімді, дағдымды, қабілетімді арттыруға көмектеседі	37	12	11	6	0
3	Мен мәтінді өз бетімше оқығанда түсінемін	13	10	8	14	21
4	Мәтінді сыныптастарыммен талқылап оқығанда түсінемін	34	11	9	7	5
5	Мен ойын арқылы оқығанда тез түсінемін	29	12	11	8	6
6	Мен ынталандырған кезде оқығанымды тез түсінемін	28	14	11	7	6
7	Мәтінді тез оқып, негізгі ойды анықтаймын	13	12	16	11	14
8	Мәтіндегі детальді ақпаратты анықтау үшін кілт сөздерге назар аудара оқимын	12	13	10	18	13
9	Мен оқығанымды басқаларға айтып беремін	8	13	14	15	16
10	Мен оқығанда алған білімімді өмірде іске асырамын	11	12	13	23	17
11	Мен сабақта көрсетілген мақсатқа жету үшін оқимын	25	28	8	3	2
12	Мен кітапты мектепте, кітапханада оқығанды ұнатамын	10	9	15	19	13



Сурет 3. 15 жастағы білім алушылармен жүргізілген сауалнама нәтижесі

Оқырмандық біліктіліктің бірінші амалы – табу және алу. Мұнда мәтіннен қажетті ақпаратты анықтап, мәтінді түсінгенін көрсетеді. Екінші амалы – біріктіру мен түсіндіруде мәтіннен қорытынды шығарып, ақпаратты жинақтап, өмірлік тәжірибемен байланыстырады. Ал үшінші амалы түсіну және бағалауда ақпаратты саралап, оның негізінде болжам мен қорытынды жасайды. Автор практикасында PISA халықаралық зерттеуі өтетін он бес жастағы білім алушылардың екі сыныбынан оқылым тапсырмалары алынды. 9 «А» сыныбына PISA зерттеуінің оқу сауаттылығы тапсырманың табу және алу амалы негізінде жүргізілсе, 9 «Б» сыныбына түсіну және бағалау амалы бойынша ұсынылды. 9 «Б» сынып оқушылары біршама уақытты қажет етіп, сыни ойланса, екінші сынып тапсырманы тез аяқтап, ойлаудың төменгі деңгейлерін ғана пайдаланды. Бұдан оқушылардың функционалдық сауатталығын дамытуға бағытталған PISA тапсырмаларының үш амалын да араластырып қолдану арқылы оқылым дағдысын жақсартуға болады деп ұйғарылады.

Оқылым кезеңдерін дұрыс жүргізу де оқылымды тиімді ұйымдастыруда елеулі рөл атқарады. Оқылымды үйретуде оқылым алдындағы тапсырма, оқылым кезіндегі тапсырма және оқылымнан кейінгі тапсырма кезеңдері сақталады. [10,45] Оқылым алдындағы тапсырма мәтіннің тақырыбын ашуға арналған жаттығуларды, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтарды қамтиды. Бұл кезеңде болжау, сөздік гол, миға шабуыл сұрақтары, талқылау, Білемін-Білгім келеді-Білдім кестесі әдістерін жүргізіп, бейне материалдар көрсетуге болады. Оқылым кезіндегі тапсырмада алғашқылары жалпы мәтін мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалары нақты мәліметті табуға арналады. Мәселен, оқиға реттілігін тап, мәтінді талда, мәліметті сәйкестендір, ойлан-жұптас-бөліс, ақиқат не жалған, жұқа және қалың сұрақтар, графикалық органайзерлер, джигсо, инсерт, фишбоун, компрессия, перифраз, т.б. әдістерін пайдаланған тиімдірек. Оқылымнан кейінгі тапсырмада мәтін тақырыбына қатысты талқылау сауалдары жүргізіледі. Мұндағы тапсырмалар мәтін бойынша үйренген жаңа сөз, алған ақпараттары төңірегінде алынып, білім алушылар жауап бере алатындай құрастырылуы керек. Сонымен бірге сұрақтар олардың өмірге қажетті дағдыларымен ұштасып, өз пікірлерін білдіре алатындай ұйымдастырылуы қажет. Бұл кезеңнің мысалдары: мазмұндау, жоба, идеяны суреттеу, таныстырылым, тест жұмыстары, т.б. [11,52].

Тапсырмалардың қай-қайсысын да жеке, жұпта, топтарда немесе тұтас сыныппен ұйымдастыруға болады.

Оқылымды меңгеруде мәтінді ұсынбас бұрын алдыңғы білімді белсендірудің маңызы зор. Луиза Розенблат зерттеуі бойынша білім алушылар мәтін мағынасын түсіну үшін санада сақталған алдыңғы білім, ақпарат және тәжірибені пайдаланады. Олар оқу барысында түпнұсқа мәтін жасауда осы жеке білімін автордың сөздерімен біріктіреді [12,87]. Марвин Мински және Ричард Андерсон Розенблаттың теориясына сызба теориясы деген атау берді. Оқытушы тақырып бойынша білім алушылардың не білетінімен ақпараттану арқылы оқуға дейін оларға деректер жинақтауға мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар мәтіндегі ненің маңызды екенін шешіп алу, өзектілігі жоқ тұстарын маңызды тұстардан бөліп қарастыру оқырманды жанама мәліметтерден арылуға көмектеседі [13,38].

Тағы бір ғалым Л.Каррел синтездеу барысында маңыздылығы жоқ, қайталана беретін ақпаратты жоюды ұсынады. Мәтіннен тақырыптық сөздерді тауып, қорытындылау үшін пайдаланған жөн екенін жеткізеді [14,727].

Оқу барысында және оқудан кейін өз ұйғарымын жасау кейіпкердің ынтасы мен жеке қырын ашып, мәтіндегі негізгі ойды анықтауға бағыт береді.

Нәтижелер

Оқу сауаттылығын дамытуда белсенді оқыту әдістерін тиімді пайдалану өз нәтижесін беретіні анық. Білім алушыларға қызықты, оқиғалы мәтінді ұсына отырып, олардан зейін қоя мұқият оқу, ашық сұрақтар дайындау, кейіпкерлер орнына өзін қойып, жағдаяттан шығу тапсырмалары арқылы дағдыларын жақсарту керек. Көз жүгіртіп оқу, мәліметті табу үшін оқу, жалпы мазмұнын түсініп оқу, детальды түрде оқу, болжау арқылы оқу, мәтін түрлерін айқындау үшін оқу, экстенсивті оқу, интенсивті оқу, назар аудара оқу, рөлге бөліп оқу, т.б. оқу түрлері оқушының типтеріне, қабілет, қызығушылықтарына қарай ұйымдастырылса, олардың ынтасы артады және уақытты үнемдеуге, нәтижеге жетуге, білім сапасының артуына ықпал етеді [15,103]. Бұл оқылым түрлерін орын-орнымен жүргізе білу - мақсатқа жету қадамдарының бірі. Мазмұнын ұғыну үшін оқу кезінде оқырман мәтіндегі негізгі ойды ұғыну үшін тез оқып шығады. Нақты ақпараттарды анықтау үшін оқу түрінде тұтас мәтінді оқып шығу маңызды емес, қажетті мәліметті табу үшін оқиды. Детальді түрде оқу деп әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқуды айтамыз. Сөз мағынасын контекстен ажырату мәтіндегі терминді, таныс емес сөздердің мағынасын білу үшін жанындағы сөздер мен сөз тіркестеріне көңіл бөле отырып оқылады. Мәтін құрылымын түсіну - кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлім секілді бөлімдер құрылымын білу. Болжау арқылы оқу оқылым алдында қолданылады. Білім алушылар мәтін тақырыбын, не туралы екенін ойланyp, талқылап, өз білгендерін ортаға салады. Кейін түпнұсқамен салыстырады. Мәтін түрлерін ажырата оқуда оның стиліне мән беріледі. Мысалы, мәтін хат, хабарлама, жарнама, мақала, поэма, құттықтау, үнпарақ, ақпараттық брошюра, т.б. түрінде берілуі мүмкін. Экстенсивті оқу көлемді шығармаларды оқуға арналса, интенсивті оқу мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымына, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылауға назар аударуымен ерекшеленеді.

Ақпараттың көптігінен жасөспірімдер кітап оқығысы келмейді. Бұл тұста, мәтінді кодтап оқу өз жемісін береді. Яғни, оқушылар қызықты ақпаратты +, зерттеп қарау қажет тұстарын ! белгісімен, негізгі кілт сөздерді астын сызу арқылы оқиды. Ол мәтінді терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сөздерді синониммен ұсыну, мәтінді өз сөзімен перифраздау, сұрақтарға өз ойымен жауап беру, дәйексөздерге пікір білдіру тапсырмалары оқу сауаттылығын арттырады. Ең бастысы, педагог оқылымға арналған тапсырмаларды әзірлегенде, «Мәтін мазмұны білім алушылардың жасына сәйкес келе ме? Мәтін күрделі болғанымен, тілі түсінікті ме, сөздік қорын дамытуға жеткілікті ме? Мәтін түсінікті құрылымдалған ба? Таныс емес сөздерді ұғыну үшін сурет не диаграммалар қолданылған ба? Мәтін мазмұнындағы ақпарат маңызды ма, білім алушылар үшін қызықты ма?» деген сауалдарға жауап бере алатындығына көз жеткізеді.

Нью-Йорк мемлекеттік университетінің профессоры Винсент Р.Руггиеро өзінің «Сыни оқу стратегиялары» атты еңбегінде: «Кез-келген мәтінді оқып, ондағы ақпаратқа сенбес бұрын әр адам төрт сатылы сыни оқу стратегиясын қолдана білу тиіс: шолу, талдау, оқу және бағалау», – дейді [16,84]. Яғни, бұл аталған сатыларды іске асыру арқылы оқырманның талдау жасау, сараптау, сыни ойлау, салыстыру секілді дағдылары дамиды. Ресейлік Г.В.Пранцова мен Е.С.Романичеваның «Современные стратегии чтения: теория и практика» атты зерттеуінде оқуды тиімді жүргізу жүйесінің теориясы мен тәжірибесі көрсетілген [17, 221]. Аталған ғалымдардың еңбектерінде білім бағдарламасына сай мәтіндер, ғылыми және көркем мәтіндерді оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған тәсілдер PISA ұсынған форматта берілген. Винсент Р.Руггиеро зерттеп оқу стратегиясына басты назар аударса, ресейлік ғалымдар рөлге бөліп оқу, іріктеп оқу, түртіп оқу стратегиялары мәтінді тереңірек түсінуге ықпал етеді деп тұжырымдайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, PISA нәтижелерін, оқу сауаттылығы рейтингісін көтеру үшін төмендегідей іс-шаралар ұсынылады:

- Оқу бағдарламасын, оқулықтарды PISA критерийлеріне сәйкес жасау;
- Бағалау жүйесінде PISA халықаралық зерттеуінің кей аспектілерін ескеру;
- Оқытушылар үшін PISA бойынша тренингтер мен курстарды көбейту;
- Мектепте және мектептен тыс оқу әрекеттерінде кітап оқуға деген ынталарын арттырып, өз бетінше оқуға дағдыландыру (Goodreads.com).

Неміс ғалымы Альберт Эйнштейн: «Мен еш уақытта өз оқушыларыма ешнәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын»,- дегендей, білім алушылардың өз бетінше саналы түрде оқуына ынталандыру жолдарын ізденіп, тиімді қолдану педагогтардың шығармашылығындағы кезек күттірмес мәселе. Мәтіндермен жұмыс жасамас бұрын оқылымның стратегияларын мақсатқа сай таңдау қажет. Олай дейтініміз: мәтінді терең түсіну оқудың әдісін меңгергеннен кейін ғана жүзеге асады. Осыған орай, оқылым дағдысын жақсартудың технологиясын білім алушылар жетік білуі керек. Өйткені оқылым барлық дағдылардың негізі болып табылады.

Авторлардың қосқан үлесі

Авторлар өздерінің авторлығының ICMJE критерийлеріне сәйкес келетінін растайды. Тақырып бойынша материалдарды жинақтап, жүйелеп, әдебиетпен жұмыс жасау, теорияны жазу А.Ж. Искакованың, әдістеме, қорытынды жазу, соңғы нұсқасын рәсімдеп, баспаға ұсыну С.А. Султанбекованың үлесінде болды.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы. [Электронды ресурс] – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35774792 (жүгінген күні: 12.10.2021).

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V220002903> (жүгінген күні: 3.08.2022).
3. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық. – Астана: NIS-PEARSON, 2014. – 64 б.
4. PISA-2018/компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары. – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2016. – 126 б.
5. About PISA. PISA results. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.oecd.org/pisa/publications/> (жүгінген күні: 15.07.2018).
6. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2005. – 208 б.
7. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: «Ағартушы», 2008. – 148 б.
8. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020. – 56 б.
9. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2014. – 54 б.
10. Шабажанова С. Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі. – Павлодар, 2015. – 68 б.
11. Пранцова Г.В., Романичева Е.С. Современные стратегии чтения: теория и практика. – Москва, 2016. – С. 100.
12. Rosenblatt L.M. Towards a Transactional Theory of Reading. SAGE Publications. – 1969. – №1. – P. 177. DOI: <https://doi.org/10.1080/10862969609546838>.
13. Anderson R.C. A Schema-Theoretic View of Basic Processes in Reading Comprehension. – New York: Longman, 1984. – P. 80.
14. Carrell L. Facilitating ESL reading by teaching text structure. TESOL Quarterly. – 1985. – Vol. 19. – P. 752. DOI: 10.2307/3586673.
15. Фоломкина С.К. Обучение чтению на иностранном языке. – Москва: «Высшая школа», 2005. – С. 255.
16. Ruggiero V.R. The Art of Thinking A Guide to critical and Creative Thought. – London: “Pearson”, 2014. – P. 240.
17. Пранцова Г.В., Романичева Е.С. Современные стратегии чтения. Теория и практика. Смысловое чтение и работа с текстом. – Москва: «Форум», 2015. – С. 361.
18. Robb L. Teaching Reading in Middle School. – The USA, 2000. – P. 200
19. Moreillon J. Collaborative Strategies for Teaching Reading Comprehension. – Chicago: American Librarian Association, 2007. – P. 173.
20. Ediger M. Teaching Reading Successfully. – The USA, 2000. – P. 340.

21. PISA 2025 Foreign Language Assessment Framework. [Электронды ресурс] – URL: <http://www.oecd.org/pisa/oecd-proposes-new-approach-to-assess-young-peoples-understanding-of-global-issues-and-attitudes-toward-cultural-diversity-and-tolerance.htm> (жүгінген күні: 12.10.2022).

22. Better policies for better lives. [Электронды ресурс] – URL: <http://www.oecd.org/pisa/aboutpisa/Global-competency-for-an-inclusive-world.pdf> (жүгінген күні: 13.08.2015).

23. Global-competency-for-an-inclusive-world.pdf – OECD. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.oecd.org/pisa/aboutpisa/pisa-based-test-for-schools> (жүгінген күні: 22.07.2018).

А.Ж. Искакова, С.А. Султанбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Методика повышения академической грамотности студентов в рамках международного исследования PISA

Аннотация. В статье рассказывается об одной из основных направлений международного исследования PISA-грамотности чтения. Подробно объясняются аспекты читательской грамотности, аспекты ее оценки (формат материала, тип заданий, цель использования текста), особенности читательской грамотности, виды чтения и его правила. Обсуждаются компоненты читательской грамотности - ситуация, текст, аспект. Получаем информацию по направлению категории ситуации (чтение для личного пользования, чтение для общего пользования, чтение для познания и чтение для обучения), формы и виды текста, области аспектов (Поиск информации. Широкое понимание. Развитие интерпретации. Отображение, оценка содержания текста. Показать текстовую форму). Автор акцентирует внимание на понятиях «интерпретация» и «герменевтика», которые используются для интерпретации текста.

В процессе обучения и преподавания очень важно правильно задавать вопросы, понимать их содержание и отвечать соответствующим образом. В статье мы можем найти информацию с точки зрения классификации этих вопросов.

В стимулировании интереса читателей к чтению мы убеждаемся, что выделение ресурсов и текста, преобразование задания также имеют свое значение.

В то же время в статье приводятся особенности методики обучения учащихся чтению, эффективные методы повышения читательской грамотности. Приводятся примеры из исследований ученых, руководствуются практиками. Авторы предлагают приемы чтения и описывает правильную технику. Обсуждаются основные идеи теорий отечественных, российских и зарубежных исследователей.

Ключевые слова: исследование PISA, читательская грамотность, интерпретация, герменевтика, чтение, текст, ситуация, аспект, стратегия.

A.Z. Iskakova, S.A. Sultanbekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Methodology for improving the reading literacy of students in the framework of the international PISA study

Abstract. This article is about one of the main areas of the PISA international study reading literacy. The principles of reading literacy, its aspects of assessment (format of the material, type of tasks, purpose of using the text), peculiarities of the reading literacy task, kinds and rules of reading are comprehensively explained. The components of reading literacy - situation, text, aspect are discussed in the work. We get information about categories of situations (reading for personal use, reading for public use, reading for knowledge and reading for teaching), text forms and types, aspect areas (Finding information. Broad comprehension. Developing interpretation. Showing and evaluating the content of the text. Display the text form). The author focuses on the concepts of "interpretation" and "hermeneutics", which are used to interpret the text.

Asking questions correctly, understanding their content and answering according to the requirements is very essential in the learning and teaching process. We can find information regarding of those questions' classification in the article.

We make sure that the choice of resources and text, and the transformation of the task has their own meaning in stimulating the readers' interest in reading.

At the same time, the article provides features of the methodology of teaching reading to students, effective methods of improving reading literacy. Examples from the researches of scientists are given and practices are guided. The author offers methods of reading and describes the technique of conducting them perfectly. The main idea of the theories of native, Russian and foreign researchers is discussed.

Keywords: PISA study, reading literacy, interpretation, hermeneutics, reading, text, situation, aspect, strategy.

References

1. «Kazakhstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2019 zhylygi 27 zheltoksanındagy №988 kaulisi [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No.988 about State Pogram for the Development of Education and Sciences of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. [Electronic resource] – Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35774792 (accessed: 12.10.2021). [in Kazakh]

2. «Mektepke deyingi tarbie men okitudin, bastauysh, negizgi orta, zhalpi orta, tehnikalyk zhane kasiptik, orta bilimnen keyingi bilim berudin мемлекеттік zhalpiga mindetti standarttaryn belitu turaly» Kazakhstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhilgi 3 tamyzdagi №348 buirygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 31, 2022 No. 348. About approval of Standard rules of organization activity of preschool, initial, main average, general secondary, technical and professional, postsecondary education]. [Electronic resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V220002903> (accessed: 03.08.2022). [in Kazakh]

3. PISA khalykaralyk zertteuin zhurgizu ayasynda okushylardyn funksionaldyk sauattylygyn damyту adisteri bojnsha Kazakhstan Respublikasy pedagog kyzmetkerlerinin biliktiligin arttyru bagdarlamasy. Oku sauattylygy. Trenerge arnalgan nuskaulyk [The program of improving the qualifications of teaching staff of the Republic of Kazakhstan on the methods of developing students' functional literacy within the framework of the PISA international study. Reading literacy. Trainer's Guide] (Astana, NIS-PEARSON, 2014, 64 b.). [in Kazakh]
4. PISA-2018/kompyuterlik format halykaralyk zertteui kuraldary [PISA-2018/computer format international study tools] (Astana, «Akparattyk-taldau ortalыgy», 2016, 126 b.) [Astana, "Information and Analysis Center", 2016, 126 p.]. [in Kazakh]
5. About PISA. PISA results. [Electronic resource] – Available at: <https://www.oecd.org/pisa/publications/> (accessed: 15.07.2018).
6. Orazbaeva F.SH. Tildik katynas: teoriyasy zhane adistemesi [Linguistic communication: theory and methodology] (Almaty, 2005, 208 p.). [in Kazakh]
7. Ahmetova M.K. Matin lingvistikasy. Oku-adistemelik kural [Text Linguistics. Educational and methodological tool] (Oral: Agartushy, 2008, 148 b.). [in Kazakh]
8. Okushylardyn oku sauattylygyn kalyptastyrugа arnalgan adistemelik nuskaulyk [Methodological guide for formation of reading literacy of students] (Nur-Sultan: «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU, «Bilim beru bagdarlamalary ortalыgy» filialy, 2020, 56 b.) [Nur-Sultan, "Nazarbayev Intellectual Schools", branch of "Educational Programs Center", 2020, 56 p.]. [in Kazakh]
9. Kulmagambetova A. Tildik tort dagdy bojnsha belsendi okytu tapsyrmalary. Oku-adistemelik Kural [Active learning tasks for four language skills. Educational and methodological tool] (Astana, «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU «Bilim beru bagdarlamalary ortalыgy» filialy, 2014, 54 b.) [Astana, "Educational Programs Center" branch of "Nazarbayev Intellectual Schools", 2014, 54 p.]. [in Kazakh]
10. Shabazhanova S. Okylym dagdylaryn kalyptastyru zhane damy tudyn adisnamasy men tajzhiribesi [Methodology and practice of formation and development of reading skills], (Pavlodar, 2015, 68 b.). [in Kazakh]
11. Pransova G.V., Romanicheva, E.S. Sovremennye strategii chteniya: teoriya i praktika [Modern reading strategies: theory and practice] (Moskva, 2016, 100 s.) [Moscow, 2016, 100 s.]. [in Russian]
12. Rosenblatt L.M. Towards a Transactional Theory of Reading. SAGE Publications, 1, 177 (1969). DOI: <https://doi.org/10.1080/10862969609546838>.
13. Anderson R.C. A Schema-Theoretic View of Basic Processes in Reading Comprehension (New York, Longman, 1984, 80 p.).
14. Carrell L. Facilitating ESL reading by teaching text structure. TESOLQuarterly, 09, 752 (1985). DOI: 10.2307/3586673.
15. Folomkina S.K. Obuchenie chteniyu na inostrannom yazyke [Learning to read in a foreign language] (Moskva, «Vysshaya shkola», 2005, 255 s.) [Moscow, "Higher School", 2005, 255 p.]. [in Russian]
16. Ruggiero V.R. The Art of Thinking A Guide to critical and Creative Thought (London, "Pearson", 2014, 240 p.).
17. Prancova G.V., Romanicheva E.S. Sovremennye strategii chteniya. Teoriya i praktika. Smyslovoe chtenie i rabota s tekstom [Modern reading strategies. Theory and practice. Meaningful reading and work with text] (Moskva, Forum, 2015, 361 s.) [Moscow, Forum, 2015, 361 p.]. [in Russian]

18. Robb L. Teaching Reading in Middle School (The USA, 2000, 200 p.).
19. Moreillon J. Collaborative Strategies for Teaching Reading Comprehension (Chicago, American Librarian Association, 2007, 173 p.).
20. Ediger M. Teaching Reading Successfully (The USA, 2000, 340 p.).
21. PISA 2025 Foreign Language Assessment Framework. [Electronic resource] – Available at: <http://www.oecd.org/pisa/oecd-proposes-new-approach-to-assess-young-peoples-understanding-of-global-issues-and-attitudes-toward-cultural-diversity-and-tolerance.htm> (accessed: 12.10.2022).
22. Better policies for better lives. [Electronic resource] – Available at: <http://www.oecd.org/pisa/aboutpisa/Global-competency-for-an-inclusive-world.pdf> (accessed: 13.08.2015).
23. Global-competency-for-an-inclusive-world.pdf – OECD. [Electronic resource] – Available at: <https://www.oecd.org/pisa/aboutpisa/pisa-based-test-for-schools> (accessed: 22.07.2018).

Авторлар туралы мәлімет:

Искакова А.Ж. – Педагогика ғылымдарының магистрі, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш.,11, Астана, Қазақстан.

Сультанбекова С.А. – Философия докторы, шетел филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш.,11, Астана, Қазақстан.

Iskakova A.Z. – Master of pedagogical Sciences, Doctoral student of the specialty "Foreign language: two foreign languages", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Kazhymukan, 11, Astana, Kazakhstan.

Sultanbekova S.A. – Doctor of Philosophy, senior lecturer of the Department of Foreign Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Kazhymukan, 11, Astana, Kazakhstan.